

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының 2003-2005 жылдарға арналған кредит саясаты туралы меморандумды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 571 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.26. N 514 қаулысымен.

Ескерту. Атауындағы және мәтініндегі "жабық" деген сөз алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.05.21. N 570 қаулысымен .

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 тамыздағы N 936 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі N 665 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 17, 152-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтың екінші абзацындағы "екінші деңгейдегі банктер арқылы конкурс негізінде" деген сөздер "дербес" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қорға шағын кәсіпкерлік жобалары бойынша кредиттер беру үшін Қор қаражатын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде конкурстық негізде шартпен орналастыру (яғни, "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамының Кредит саясаты туралы меморандумында келісілген шарттармен орналастыру) құқығы берілсін."

2. Қоса беріліп отырған "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының 2003-2005 жылдарға арналған кредит саясаты туралы меморандум бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорының жарғысына тиісті өзгерістерді бекітсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2003 жылғы 11 маусымдағы
N 571 қаулысымен
бекітілген

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының 2003-2005 жылдарға арналған кредит саясаты туралы меморандумы

Ескерту. Атауындағы және мәтініндегі "жабық" деген сөз алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.05.21. N 570 қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. Осы Меморандум "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының 2003-2005 жылдарға арналған кредит саясатының негізгі қағидаттары мен басымдықтарын анықтайды, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне (бұдан әрі - ШКС) қаржы қызметін ұсыну туралы шешімдер қабылдау, кредиттік ресурстарды басқару мен олардың пайдаланылуын бақылау процестерін қоса алғанда, кредиттік мәмілелерді жүргізу жөніндегі рәсімдер тізбесі мен нұсқамалардан, тұрады, сондай-ақ қабылданатын шешімдердің негізіне жататын стандарттар мен параметрлерді белгілейді.

2. "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" ЖАҚ-тың Кредит саясаты туралы меморандумы (бұдан әрі - Меморандум) үш жылға бекітіледі және "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ-тың (бұдан әрі - Қор) барлық бөлімшелерінің орындауы үшін қабылданады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.21. N 570 қаулысымен .

3. Меморандум тұжырымдамалық әрі нұсқамалық сипатта және Қордың кредит саясатын анықтау үшін негіз болып табылады.

4. Мөлшері 35 000 АЕК-ке тең соманы құрайтын немесе одан асатын операциялар жөніндегі шешімді Қордың Директорлар кеңесі қабылдайды. Көрсетілген жобалар Қор Басқармасы немесе қор Басқармасымен келісім бойынша кредит саясатын жүзеге асыруға уәкілеттендірілген Қордың өзге де органдары оны мақұлдағаннан кейін Қордың Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады . < * >

Мөлшері 35 000 АЕК-ке тең сомадан аспайтын операциялар жөніндегі шешімді Қор Басқармасы қабылдайды.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.21. N 570 қаулысымен .

2. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне өздігінен немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы кредит беру

5. ШКС-тің экономикалық тиімді жобаларын қаржыландыру кірістікті қамтамасыз ету және тәуекелдерді онтайландыру Қордың кредит саясатының негізгі қағидаттары болып табылады.

6. Қаржыландыру мынадай басымдықтарға сәйкес жүзеге асырылады:

1) ауыл шаруашылығы, аңшылық және орман шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және соған байланысты қызметтер көрсету;

2) сусындар мен темекіні қоса алғанда, тамақ өнімдерін өндіру;

3) тоқыма және тігін өнеркәсібі;

4) былғары өндіру, былғарыдан жасалған бұйымдар мен аяқ-киім өндіру;

5) ағаш өңдеу және ағаштан жасалған бұйымдар өндіру;

6) баспа ісі;

7) химиялық өнеркәсібі;

8) резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру;

9) машиналар мен жабдықтар өндіру;

10) электр жабдықтарын, электрондық және оптикалық жабдықтар өндіру;

11) құрылыс;

12) электр энергиясын, газды және суды өндіру мен бөлу;

13) көлік және байланыс;

14) білім беру;

15) денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер көрсету.

16) қоғамдық тамақтандыру. <*>

17) сапа менеджментінің жүйелерін және қоршаған ортаны қорғау жүйесін енгізу. <*>

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.21. N 570 , 2004.12.21. N 1342 қаулыларымен.

7. Кредит беру мөлшері осы Меморандумда белгіленген лимиттер шегінде белгіленеді және оны Директорлар кеңесі салалық белгісі бойынша саралануы мүмкін.

8. Инвестициялық жобаларға кредит беру үшін мынадай көздер пайдаланылуы мүмкін:

1) Қордың меншікті қаражаты;

2) шетелдік, халықаралық және отандық қаржы ұйымдарының қарыз қаражаты;

3) Қор қарыз алушы болып әрекет ететін республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты.

9. Шағын кәсіпкерлік шеңберінде ұсынылатын кредиттер мерзімдері бойынша мынадай түрлерге жіктеледі:

1) қысқа мерзімді кредиттер - беру уақыты 1 (бір) жылға дейін, шағын бизнеске кредит беру, маусымдық кредиттер, жеке тұлғаларға бизнес мақсаттарға кредит беру;

2) орта мерзімді кредиттер - беру уақыты 5 (бес) жылға дейін, инвестициялық кредит беру;

3) ұзақ мерзімді кредиттер - беру уақыты 5 (бес) жергілікті және одан көп, басымдықты жобаларға инвестициялық кредиттер.

10. Кредит беру нысаны:

1) тікелей кредит беру;

2) басқа да кредиттік ұйымдармен бірлесіп, қоса қаржыландыру шартымен;

3) екінші деңгейдегі банктер арқылы.

11. Кредит беру және шектеу лимиттері:

Жобаларға кредит беру лимиті - бір қарыз алушының ең көп тәуекелі - қордың меншікті капиталының 5 %.

Бір қарыз алушыға арналған тәуекелдің ең көп мөлшері бойынша лимит кредиттік портфель құрылымы бойынша, салалық және өңірлік белгі бойынша:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына;

2) Қордың Директорлар кеңесі бекітетін кредит саясатының басымдықтарына сәйкес белгіленеді.

Бұл шектеулер Қазақстан Республикасы Үкіметінің бір жолғы шешімдеріне немесе Қор кредитор болып көзделген бекітілген мемлекеттік және салалық бағдарламаларға сәйкес жобаларға кредит беру кезінде қабылданбайды.

12. Кредит беру теңгемен және шетелдік валютамен жүргізіледі. Кредит бойынша сыйақы ставкасын Директорлар кеңесі Қордың шығыстарын жабуды және жарғылық капиталды сақтауды ескере отырып айқындайды. Сыйақы ставкасы қарыз шартында көрсетілетін тіркемелі болуға тиіс. <*>

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.21. N 570 қаулысымен .

13. Қор кредиттер беру кезінде кредит берілетін жоба бойынша барлық тәуекелдерді ескере отырып, оны толық жабу қағидатын ұстанады.

Кредиттер өтімді активтер: бағалы қағаздармен, банктер кепілдіктерімен, инвестициялау объектілерімен, жылжымалы және жылжымайтын мүліктермен және заңнамада көзделген басқа да құралдармен қамтамасыз етілуі тиіс.

14. Қордың екінші деңгейдегі банктерде Қор қаражатын конкурстық негізде шартпен орналастыруға құқығы бар.

Шартпен орналастыру - бұл түпкі қарыз алушыда кредитті қайтаруды қамтамасыз ету үшін өтемді активтер болмаған кезде екінші деңгейдегі

банктерде Қор қаражатын конкурстық негізде немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген шешімдері негізінде орналастыру.

3. Жобаларды агенттік негізде қаржыландыру

15. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шетелдік, халықаралық және отандық қаржы ұйымдарының қарыз қаражатынан ШКС-ті қолдау мен дамыту үшін республикалық және жергілікті бюджеттерді агенттік негізде қ а р ж ы л а н д ы р у :

1) тікелей Қор арқылы;

2) екінші деңгейдегі уәкілетті банктер арқылы жүргізіледі.

Жобаларды республикалық және жергілікті бюджеттердің (кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде) мемлекеттік қарыздары есебінен қаржыландырудың шарты мен тәртібі тиісті мемлекеттік органдардың қаулыларымен және шешімдерімен және қол қойылған қарыздар туралы келісімдерге сәйкес регламенттеледі.

16. Агенттік қызметтерді Қор Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, жергілікті атқарушы органдарға және өзге де қаржы институттарына агенттік келісім шарттарына сәйкес ақылы негізде көрсетеді. Қордың агенттік функцияларды тиесілі орындауы жөніндегі жауапкершілігі агенттік келісіммен реттеледі.

Кредиттерді қайтару жөніндегі агенттік функцияларды жүзеге асыру кезінде Қордың комиссиялық сыйақысы агенттік келісімдерде көзделеді.

17. Қордың агенттік келісімдері негізінде қолданыстағы бағдарламалар шеңберінде қаржыландырылатын жобалардың сараптамасы мынадай ережелерді с а р а п т а у д ы қ а м т и д ы :

1) жобаның тиімділігі;

2) түпкі қарыз алушының кредитті қайтару қабілеттілігі мен төлем жасау қ а б і л е т т і л і г і ;

3) салынған қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз ету;

4) қаржыландырудың нысандары мен шарттары;

5) қаржыландырудың орындылығы.

18. Қордың жобаны бағалау жөніндегі (экономикалық, кепілді, заңды) оң қорытындысы жобаны қаржыландыру мүмкіндігін қараудың міндетті шарты болып табылады.

4. Қаржылық қызметтер көрсету

26. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Қор меншікті немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен Қордың борыштық бағалы қағаздарының эмиссиясын жүзеге асыра алады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК